

Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы N 234 Заңы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2671 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184, 190-құжаттар) мынадай өзгерістер енгізілсін:

5-баптың 1-тармағындағы "Республикалық ұлан Қолбасшысының Басқармасынан" деген сөздер алып тасталсын;

IV тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"IV тарау. Республикалық ұланның қолбасшылығы";

12-баптың 2-тармағының 5)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Республикалық ұлан құрамаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің және қамтамасыз ету органдарының штаттарын бекітеді";

13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Республикалық ұланның қолбасшылығы

1. Республикалық ұланның Қолбасшылығын Республикалық ұланның Қолбасшысы басқарады. Қолбасшылық құрамына Республикалық ұлан Қолбасшысының бірінші орынбасары және орынбасары кіреді.

Республикалық ұлан Қолбасшысының бірінші орынбасарын және орынбасарын Республикалық ұлан Қолбасшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

2. Республикалық ұлан қолбасшылығы:

1) Республикалық ұланды ұдайы әскери әзірлікте ұстау жөніндегі іс-шараларды талдап жасау және оның орындалуын ұйымдастыру;

2) Республикалық ұланның өзіне жүктелген міндеттерді орындауы кезінде қалыптасқан ахуал туралы мағлұматтар жинау мен талдау;

3) Республикалық ұландағы жедел және жауынгерлік даярлыққа, оқу-тәрбие процесіне басшылық жасау;

4) Республикалық ұланның қызметтік-жауынгерлік ісін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

5) әлеуметтік-құқықтық жұмыс іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету;

6) кадрларды іріктеу, орналастыру мен тәрбиелеуді жүзеге асыру;

7) адам құрамын есепке алу мен бақылауды ұйымдастыру;

8) материалдық құралдар қозғалысының есебін жүргізу және оларды заңда

белгіленген тәртіппен есептен шығару жөніндегі жұмысқа басшылық жасау міндеттерін атқаруға тиіс."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ